

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2020 жылғы жұмысы туралы

Архивте «электрондық архив» жасау, толықтырушы көздері болып табылатын мекемелерде ақпараттық технологияларды енгізу, әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау, ведомстволық архивтер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылды.

Архивтің толықтырушы көздері болып табылатын мемлекеттік органдарда «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесін (бұдан былай – «ЭҚБА» АЖ) енгізу бойынша іс-шаралардың жол картасын жүзеге асыру шеңберінде Архивте ақпараттық жүйе тестілік сынаудан өтті. Архив «ЭҚБА» АЖ-да ұзақ уақыт сақтау, қабылдау кезінде ЭЦҚ-ның заңдылығын қамтамасыз етуде архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз саласында нормативтік-құқықтық актілерді талдау бойынша қорытындысы ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолданды.

Ақпараттық технологиялар, электрондық архивті жедел түрде жасау саласында деректер базасын жаңарту, сканерленген құжаттарды жүйелеу, тізімдемелерді электрондық түрге көшіру жұмыстары жүргізілді.

Book2net планетарлық сканері, жаңа серверлік жабдық сатып алынды. Архивтің «электрондық архив» ақпараттық жүйесі үшін Мемлекеттік техникалық қызметтің ақпараттық қауіпсіздіктің 5-хаттамасынан өту бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда.

«Автоматтандырылған газбен өрт сөндіру жүйесі» жұмыс жобасы бойынша мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысы алынды. 2021 жылы оны орнату жоспарланған.

Жыл сайын ҚР ІІМ Алматы қаласының мамандырылған қорғаныс қызметі басқармасы, Өртке қарсы бөлімі Архивтің қауіпсіздік құралдарымен жабдықталуы және техникалық қамтылуын жоспарлы түрде тексеріп отырады. Бақылау-тексеру тәртібі объект ішіндегі тәртіп күшейтілді. Қорғау және өртке қарсы қызметтермен байланыс тұрақты түрде жүргізіледі.

2020 жылы қағаз тасығыштағы 2 544,2 мың беттегі 25 000 іс электрондық түрге көшірілді.

2020 жылдың 14 наурызынан бастап, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеу тәртібіне ауыстыруға байланысты, архивтік қор тізімдемелерін электрондық түрге көшіру жұмыстары басталды.

№ 708 «Қазақстан КП ОК», № 812 «Қазақстан ЖЛКО ОК» қорларының 1937–1944 жж. істер тізімдемелері, № 896 «Фотоқұжаттардың архивтік топтамасы (фототека)» қорының тізімдемесі электрондық түрге көшірілді (барлығы – 31 340 іс атаулары).

2020 ж. 1-7 маусым аралығында ҚР заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаражатын пайдалануды бақылау мақсатында Архивтің 2019 ж. 1 қаңтардан 31 желтоқсан арасындағы қаржылық қызметіне тексеру жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде ұсыныстар беріліп, олар жүзеге асырылды.

2021–2023 жж. арналған Архивті ақпараттандырудың бюджеттік бағдарламасы дайындалды.

Архивтің ресми сайтын дамыту және жаңарту жұмыстары жүргізілді. 2020 жылы Архив сайты 501,5 мың рет (күніне орташа алғанда 1,5 мың) қаралды.

Архивтің Ғылыми кеңесінің отырысында «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиет, дереккөздер, деректер базасы» (2015–2020 жж.), «Қазақстандағы 1930-жж. ашаршылық: әдебиет және дереккөздер» (2016–2020 жж.) ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру талқыланды. 2021–2025 жж. Архивтің ғылыми-баспа жұмыс жоспары талқыланды.

Отандық архивтер мен ғылыми-зерттеу институттармен ынтымақтастықты дамыту шеңберінде «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» ММ, Алматы қаласының мемлекеттік архиві, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, жетекші тарихшылармен тәуелсіз Қазақстанның құжаттарын танымал ету, ғылыми-зерттеу жобаларын дайындау мен жүргізу, ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы Мемлекеттік комиссия құру туралы үндеуіне орай ұсыныстар дайындау, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту шеңберінде бірлескен іс-шаралар бойынша біріккен шығармашылық баспа жұмысын жүргізу туралы кездесулер өткізілді.

Дирекцияның 7 отырысында Архивтің ағымдағы жұмысы бойынша 20 мәселе талқыланды. Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің басшыларының «Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық» ММ, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі» ММ, «Nur Otan» партиясының қоғамдық саясат институты» ЖМ, «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты» ҚБ құжаттарының архивтік сақталуын, құжаттауды ұйымдастыру жағдайы туралы есеп берулері тыңдалды. Қорытындылары бойынша тиісті ұсыныстар берілді.

Архивті жаңа құжаттық кешендермен толықтыру бойынша шаралар қабылданды. Мемлекеттік сақтауға 9523 сақтау бірлігі қабылданды. Оның ішінде ҚР Президентінің Телерадиокешенінің бейнеқұжаттары – 341 сақтау бірлігі, ҚР Тұңғыш Президенті фотоқұжаттары – 339 сақтау бірлігі.

Қазіргі күнде Архивтің толықтырушы көздері болып табылатын мекемелер тізіміне 44 мекеме мен қоғамдық бірлестіктер бар.

«Қоғамдық келісім» РММ ҚР Үкіметінің қарауына берілгендіктен, Архивтің СТӘК шешіміне сәйкес ол Архивтің толықтырушы көздері болып табылатын мекемелер тізімінен алынып тасталынды.

Есептік кезеңде тізімге 3 ұйым енгізілді: «Kazakh Invest» ҰК» АҚ, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі енгізілді.

21 мекемеге архивтік құжаттар құндылығына сараптама жасау және істерді қалыптастыру 6031 мен мемлекеттік сақтауға тапсыруға дайындау бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетілді.

Архивтің Сараптау-тексеру және әдістемелік комиссиясының жұмысы ұйымдастырылды. 11 отырыста мекемелер ұсынған құжаттар құндылығына сараптау жасау нәтижесінде жасалған тізімдемелер, істер номенклатурасы, ведомстволық архив туралы және Сараптау комиссиясы туралы ережелер сияқты 91 мәселе қарастырылды.

Архив және іс жүргізуші қызметкерлері үшін құжаттандыру және архивтік сақтау мәселелері бойынша 9 семинар онлайн түрде жүргізілді: ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, ҚР

Сыртқы істер министрлігі, ҚР Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, ҚР Президентінің Іс Басқармасы, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы, «Nur Otan» партиясының Саяси менеджмент мектебі және Алматы қаласындағы мекемелерге бірлескен семинар.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Архив филиалының қызметкерлері ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің 2016-2019 жж. құжаттарын қабылдауда тәжірибелік көмек көрсетті.

Жеке қорлармен жұмыс жалғасты. Есептік кезеңде Архивке 4906 жеке қор құжаттары түсті, 309 іс қалыптастырылды.

Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Архивтік құжаттарға қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 28,0 мың іс тігілді.

Сақтаудың температуралық-ылғалдық тәртібін бақылау, істердің барлығын, физикалық жағдайын тексеру, архив қоймаларын дезинфекциялау, дезинсекциялау жүргізілді. Архив құжаттарының физикалық-химиялық түгендігін сақтау бойынша оңтайлы жағдайлар қамтамасыз етілді. Құжаттардың бұзылу жағдайлары болған жоқ.

Аса құнды құжаттардың көшірмелерінің сақтандыру қоры үшін «ҚР Президентінің Әкімшілігі» № 5-Н қорының 2006 ж. 157,0 мың беттегі 1,5 мың ісі микротаспа фотокөшірмесі жасалды.

Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алу бойынша жұмыстар кешені жасалды. Архивтің шоғырландырылған паспорты, архив қоймаларының паспорты, 2020 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар құрамы мен көлемі жайында мәліметтер жасалды.

Каталогтарды, ғылыми-анықтамалық аппаратты жасау және дамыту жұмыстары жалғасты. Жүйелі каталогқа мәліметтер енгізілді, істер тізімдемелері жөнделді. Жүйелі каталогке индекстелген, жүйеленген 2,0 мың карточка енгізілді.

Тарихи-архивтік мұраны танымал ету ұйымдастырылды. Есептік кезеңде 12 виртуалдық тарихи-құжаттық көрмелер дайындалды.

Оқу залында зерттеушілер, архив қызметкерлеріне, анықтама үстеліне 47,0 мың іс берілді. Есеп беру кезеңінде 482 әлеуметтік-құқықтық сұранымдар орындалды.

14 наурыз - 21 қыркүйек аралығында COVID-19 карантинге байланысты, Оқу залының жұмысы тоқтатылды. Есептік кезеңде Оқу залында 171 зерттеуші, оның ішінде 8 шетелдік (АҚШ, Ресей, Қырғызстан, Гонконг) зерттеуші жұмыс істеді.

Құжаттарды ғылыми жариялау саласында Архив 3 жинақты дайындап, баспадан шығарды: 1) «Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. 1941–1945 гг.» құжаттар жинағы (3000 дана); 2) «Материалы международной научно-практической конференции «Архивное дело на современном этапе: проблемы, практики, инновации» (150 дана); 3) «Материалы 10-й международной научно-практической конференции «История. Память. Люди» (300 дана).

2 құжаттар жинағы дайындалу үстінде: 1) «Из истории депортаций. Казахстан 1939–1945 гг.». Книга 4; 2) «Из истории вооруженных сил РК. Документы и материалы».

Архив имиджін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

Архив қызметін жүйелі түрде көрсету үшін 2020 жылға арналған ақпараттық-имидж іс-шаралар жоспары бекітіліп, ол жүзеге асырылды.

Батыс Қазақстан облысында ҚР Президенті Архивінің күндері онлайн түрде өткізілді. Іс-шара Батыс Қазақстан облысының Мемлекеттік архивімен бірлестікте өткізілді. Батыс Қазақстан облысының аудандық архивтерінің басшылары үшін ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері архив ісі бойынша семинар өткізді.

Архив қызметі жайлы ақпарат беру жұмысы белсенді жүргізілді. Есептік кезеңде газет, журнал, интернет-басылымдар, телеарналарда Қазақстанның жаңа тарихығ құжаттану және архивтану бойынша өзекті мәселелерге арналған 74 басылым жарық көрді, оның ішінде 46 мақаланы Архив қызметкерлері дайындады. Архивтің іс-шаралары жайлы ақпарат Архивтің веб-сайтында, әлеуметтік желілерде тұрақты беріліп тұрады.

Халықаралық серіктестік одан әрі дамыды. «Архив және қоғам» іс-шаралар циклы аясында «Возрождение» Қазақстандық немістер бірлестігі» қоғамдық қоры өкілдерімен кездесу өткізілді, онда ХХ ғасыр тарихы бойынша тақырыптық деректер базасын жасау талқыланды. Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының шақыруымен Қазақстанға Бельгиядан келген зерттеушілер А.-М. Вильменот, Т.Сирбумен «Архив 2025» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша кездесу өткізілді.

Архив қызметкерлері Алматы қаласындағы Литва Республикасының Бас консулдығы Литва тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырған іс-шараға қатысып, ҚР Президенті Архиві және Литваның мемлекеттік архивтері арасында ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

Қазақстан, ТМД, шетелдік ғылыми және оқу мекемелерімен байланыстар кеңейе түсті. Архив қызметкерлері 22 ғылыми конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысып, 30 баяндама жасады.

Архив қызметкерлері СпБМУ, РМГУ, Ломоносов атындағы ММУ ұйымдастырған II Архив съезіне, РММУ Тарихи-архив институты ұйымдастырған «Генеральный регламент: 300 лет на службе России. От коллежского делопроизводства к цифровой трансформации управления документами» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына, Бүкілресейлік құжаттану және архив ісінің ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған «Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Мәскеу қ.) қатысты.

Архивтің «Великая Отечественная война: факты и вымыслы» тарихшылар мектебіне қатысу аясында Алматы қаласының жоғары мектеп оқушылары үшін «Научно-исследовательские проекты Архива: военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны», «Казахстан – арсенал фронта» тақырыбында дәрістер оқылды. Іс-шаралар «Открытая школа» Қоғамдық білім беру қорымен бірлестікте Жеңістің 75 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Ақпараттық және әкімшіліктік технологиялар институтымен бірлестікте құжаттандыру және архив ісі, электрондық архив бойынша 3 онлайн семинар өткізілді.

Ғылыми-анықтамалық аппарат, картотекалар, каталогтарды жүргізу мәселелерін тәжірибелік зерттеу, құжаттық аппараттың бірыңғай жіктеуішін жасау қажеттілігін және ғылыми-анықтамалық аппаратты цифрлық түрге аударуды

зерттеу үшін Архивте Ғылыми-әдістемелік орталықтың жұмысы ұйымдастырылып, архив мекемелері, Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің іс жүргізу және архив қызметкерлерінің және Алматы қаласы жоғары оқу орындары студенттерінің қатысуымен 6 семинар-практикум онлайн түрде өткізілді.